## Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру және қайта сақтандыру қызметі жөніндегі есептерінің нысандары мен ұсыну мерзімі туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2002 жылғы 16 ақпандағы N 46. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 1 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1808. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 241 қаулысымен.

"Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы N 126-II Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру және қайта сақтандыру қызметі жөніндегі есептерінің нысандары мен ұсыну мерзімі туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Банктерді және сақтандыруды қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А.Марченкоға жүктелсін.

*Ұлттық Банк Төрағасы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 16 ақпандағы N 46 "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру және қайта сақтандыру қызметі

жөніндегі есептерінің нысандары мен ұсыну мерзімі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" қаулысымен бекітілген

## Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру және қайта сақтандыру қызметі жөніндегі есептерінің нысандары мен ұсыну мерзімі туралы нұсқаулық

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның (бұдан әрі - уәкілетті мемлекеттік орган) бақылау және қадағалау қызметін қамтамасыз ету мақсатында жасалды және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының (бұдан әрі - сақтандыру ұйымдары) сақтандыру және қайта сақтандыру қызметі жөніндегі есептерін жасау бойынша негізгі талаптарды анықтайды.

2. Сақтандыру және қайта сақтандыру қызметі жөніндегі есептерді (бұдан әрі - есептер) сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, сондай-ақ лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе оны қайтарып алу жағдайында қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндеттемелері бар барлық сақтандыру ұйымдары ұсынады.

### 2-тарау. Есептерді жасау жөнінде жалпы нұсқау

3. Есептер сақтандыру ұйымдарының бухгалтерлік есеп деректері бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің "Бухгалтерлік есепке алу туралы" Заң күші бар Жарлығына және осы Нұсқаулықтың NN 1-3 қосымшаларына сай нысандар бойынша Қазақстандық бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес жасалады.

4. Есептерге сақтандыру ұйымының бірінші басшысы, бас бухгалтер және оны жасауға жауапты адам қол қояды. Есепке қол қоюшы адам оның шынайылығына және толықтығына Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауап береді.

5. Есептер уәкілетті мемлекеттік органға қағазбен, сол сияқты электрондық байланыс құралдарымен немесе дискетпен беріледі. Түзетулері мен тазартулары бар ұсынылған есептер тексерілместен қайтарылады және уәкілетті мемлекеттік орган қабылдамады деп саналады.

Қағазда көрініс тапқан деректер электрондық тасымалдаушыдағы немесе дискеттегі осыған ұқсас деректермен сәйкес келуі тиіс.

6. Есепке өзгерістер немесе толықтырулар енгізу қажет болған жағдайда сақтандыру ұйымы есептерді ұсынған сәттен бастап үш күн ішінде уәкілетті мемлекеттік органға өзгерістер немесе толықтырулар енгізу қажеттілігінің себептерін түсіндіре отырып жазбаша өтініш ұсынады. Есептердің түпкілікті нұсқасын ұсынған күн есептер ұсынылған күн болып саналады.

7. Есептердегі барлық деректер ондық белгілерсіз мың теңгемен көрсетіледі. 500 теңгеден кем сома есепте нольге дейін дөңгелектенеді, ал 500 теңге және одан жоғары сома - мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

8. Есептер уәкілетті мемлекеттік органның сақтандыруды қадағалау бөлімшесіне есеп беріп отырған айдан кейінгі айдың 5-інен кешіктірілмей ұсынылады.

9. Егер ұсыну мерзімі жұмыс емес күнмен (демалыс, мереке күндері) тұспа-тұс келсе, есептерді ұсыну күні келесі жұмыс күні болып саналады.

## 3-тарау. Сақтандыру қызметі бойынша есепті жасау жөніндегі нұсқау

10. N 1 бағанда қайта сақтандыруға берілген және қабылданғандарды қосқанда жасалған сақтандыру шарттарының саны көрсетіледі.

11. N 2 бағанда сақтандырылған объектілер мен тұлғалардың саны көрсетіледі.

12. N 3 бағанда қайта сақтандыруға берілген және қабылданғандарды қосқанда сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі.

13. N 4 бағанда сақтандыру оқиғалары орын алған шарттардың саны көрсетіледі.

14. N 5 бағанда N 4 бағанда көрсетілген шарттар бойынша сақтандырылған объектілердің немесе тұлғалардың саны көрсетіледі.

15. N 6 бағанда N 4 бағанда көрсетілген сақтандыру төлемдерінің сомасы көрсетіледі.

16. N 1-6 бағандардағы мәліметтер ағымдағы жылдан бастап есепті жасау күніне шейін өспелі жиынтықпен көрсетіледі.

17. N 7 бағанда есеп беру кезеңінің аяғындағы қолданыстағы шарттар бойынша сақтандыру сомасының қалдықтары көрсетіледі.

18. 2.4., 3.15-жолдарында N 1-7 бағандардың сақтандырудың барлық түрлері бойынша көрсеткіштерінің жиынтық мәні көрсетіледі.

19. Сақтандыру түрлері бойынша мәліметтер есептің ажырамас бөлігі болып табылатын түсіндірме жазбада ашып талданып көрсетіледі. Түсіндірме жазбада есептің N 1-7 бағандарында көзделген барлық дерек болуы тиіс.

## 4-тарау. Қайта сақтандыру қызметі бойынша есепті жасау жөніндегі нұсқау

20. Есеп есепті кезеңдегі қайта сақтандыруға қабылданған немесе берілген сақтандыру шарттары бойынша мәліметтерді көрсетеді.

21. N 1 және N 2 бағандарда резиденттерден және резидент еместерден қайта сақтандыруға тәуекелдерді қабылдау шарттары көрсетіледі.

22. N 3 бағанда N 1 және N 2 бағандар мәнінің сомасы көрсетіледі.

23. N 4 бағанда сақтандырылған объектілердің немесе тәуекелдерді қайта сақтандыруға қабылдау шарттарында көрсетілген тұлғалардың саны көрсетіледі.

24. N 5 бағанда қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жауапкершіліктердің жалпы көлемі көрсетіледі.

25. N 6 және N 7 бағандарда резиденттерге және резидент еместерге қайта сақтандыруға берілген шарттардың саны көрсетіледі.

26. N 8 бағанда N 6 және N 7 бағандар мәнінің сомасы көрсетіледі.

27. N 9 бағанда тәуекелдерді қайта сақтандыруға беру шарттарында көрсетілген сақтандырылған объектілердің немесе тұлғалардың саны көрсетіледі.

28. N 10 бағанда қайта сақтандыруға берілген шарттар бойынша жауапкершіліктердің жалпы көлемі көрсетіледі.

29. N 11 бағанда қайта сақтандыру шарттары бойынша берілген сыйлықақы сомасы көрсетіледі.

30. N 1-11 бағандардағы мәліметтер ағымдағы жылдан бастап есепті жасау күніне шейін өспелі жиынтықпен көрсетіледі.

31. 2.4 және 3.15-жолдарында N 1-11 бағандарындағы сақтандырудың барлық түрлері бойынша көрсеткіштердің жиынтық мәні көрсетіледі.

32. Сақтандыру түрлері бойынша мәліметтер есептің ажырамас бөлігі болып табылатын түсіндірме жазбада ашып талданып көрсетіледі. Түсіндірме жазбада есептің N 1-11 бағандарында көзделген барлық дерек болуы тиіс.

## 5-тарау. Қайта сақтандыру қызметі бойынша есепке Толықтыру жасау жөнінде нұсқау

33. Қайта сақтандыру қызметі бойынша есепке Толықтыруда сақтандыру тәуекелі қайта сақтандыруға берілген қайта сақтандыру ұйымдары бойынша мәліметтер көрсетіледі.

34. N 1 бағанда жолдардың реттік номерлері көрсетіледі.

35. N 2 бағанда сақтандыру ұйымынан сақтандыру тәуекелдері қайта сақтандыруға қабылданған барлық қайта сақтандыру ұйымдарының атауы көрсетіледі.

36. N 3 бағанда Қазақстан Республикасының резиденті емес - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен рейтингтік агенттердің тізбесіне сай рейтингтік агенттік белгілеген қаржылық сенімділігінің рейтингі көрсетіледі.

37. N 4 бағанда шарт бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру тәуекелдерінің сомасы көрсетіледі.

**6-тарау. Қорытынды ережелер**

38. Осы Нұсқаулықпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес реттеледі.

*Ұлттық Банк Төрағасы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 16 ақпандағы N 46 қаулысымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру және қайта сақтандыру қызметі жөніндегі есептерінің нысандары мен ұсыну мерзімі туралы нұсқаулыққа N 1 қосымша

**______________ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының 200 жылғы ______________**

**САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІ БОЙЫНША ЕСЕБІ**

```
Жол.|                                        |Ағымдағы жылдың|Ағымдағы жылдың|Есепті
дар |                                        |басынан шарттар| басынан мәлім.|кезең.
коды|         Көрсеткіштер                   |     жасау     | денген сақтан.|нің
    |                                        |               | дыру оқиғалары|аяғын.
    |                                        |_______________|_______________|дағы
    |                                        |Шарт.|Сақ.|сақ.|Шарт.|Сақ.|сақ.|сақ.
    |                                        |тар. |тан.|тан.|тар. |тан.|тан.|тан.
    |                                        |дың  |ды. |дыру|дың  |ды. |дыру|дыру
    |                                        |саны |рыл.|сый.|саны |рыл.|тө. |сома.
    |                                        |     |ған.|лық.|     |ған.|ле. |сының
    |                                        |     |дар.|ақы.|     |дар.|мі  |қал.
    |                                        |     |дың |ла. |     |дың |    |дығы
    |                                        |     |саны|ры  |     |саны|    |
    |                                        |_____|____|____|_____|____|____|_______
   |                |1   2 3   4   5   6   7
```

1. Міндетті сақтандыру - барлығы
оның ішінде:
1.1 автокөлік құралдары иелерінің азаматтық құқықтық жауапкер. шілігі - барлығы
оның ішінде:
1.1.1 заңды тұлғалар

1.1.2 жеке тұлғалар
1.2 тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық құқықтық жауапкершілігі - барлығы
оның ішінде:
1.2.1 автомобиль тасымалы
1.2.2 темір жол тасымалы
1.2.3 әуе тасымалы
1.2.4 су тасымалы
1.3 ауыл шаруашылық өндірісі - барлығы
оның ішінде:
1.3.1 ауыл шаруашылық дақылдарын жинау
1.3.2 ауыл шаруашылық малдары
1.3.3 негізгі қорлар және айналым құралдары
1.4 жеке нотариустардың азамат. тық құқықтық жауапкершілігін сақтандыру - барлығы
1.5 соттарды және олардың мүлкін сақтандыру - барлығы
2. Ерікті жеке сақтандыру - барлығы
оның ішінде:
2.1 өмірді сақтандыру
оның ішінде:
2.1.1 өмірді сақтандыру
2.1.2 аннуитеттік сақтандыру
2.2. кездейсоқ оқиғалар мен аурудан
2.3 медициналық сақтандыру
2.4 сақтандыру түрлері - барлығы *
3. Ерікті мүліктік сақтандыру - барлығы
оның ішінде:
3.1 автокөлікті сақтандыру - барлығы

оның ішінде:
3.1.1 заңды тұлғалар
3.1.2 жеке тұлғалар
3.2 темір жол көлігін сақтандыру - барлығы
оның ішінде:
3.2.1 заңды тұлғалар
3.2.2 жеке тұлғалар
3.3 әуе көлігін сақтандыру - барлығы
оның ішінде:
3.3.1 заңды тұлғалар
3.3.2 жеке тұлғалар
3.4 су көлігін сақтандыру - барлығы
оның ішінде:
3.4.1 заңды тұлғалар
3.4.2 жеке тұлғалар
3.5 жүктерді сақтандыру - барлығы
оның ішінде:
3.5.1 заңды тұлғалар
3.5.2 жеке тұлғалар
3.6 мүлікті сақтандыру - барлығы (3.1 - 3.5 жолдары бойынша сыныптарды қоспағанда)
оның ішінде:
3.6.1 заңды тұлғалар
3.6.2 жеке тұлғалар
3.7 кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру - барлығы
оның ішінде:
3.7.1 заңды тұлғалар
3.7.2 жеке тұлғалар
3.8 Автокөлік иелерінің азаматтық құқықтық жауапкершілігін сақтандыру - барлығы

оның ішінде:
3.8.1 заңды тұлғалар
3.8.2 жеке тұлғалар
3.9 Темір жол көлігі иелерінің азаматтық құқықтық жауапкер. шілігін сақтандыру - барлығы
оның ішінде:
3.9.1 заңды тұлғалар
3.9.2 жеке тұлғалар
3.10 Ғ Әуе көлігі иелерінің азаматтық құқықтық жауапкер. шілігін сақтандыру - барлығы
оның ішінде:
3.10.1 заңды тұлғаларды
3.10.2 жеке тұлғаларды
3.11 Су көлігі иелерінің азаматтық құқықтық жауапкер. шілігін сақтандыру - барлығы
оның ішінде:
3.11.1 заңды тұлғаларды
3.11.2 жеке тұлғаларды
3.12 Тасымалдаушының азаматтық құқықтық жауапкершілігін сақтандыру
оның ішінде:
3.12.1 заңды тұлғаларды
3.12.2 жеке тұлғаларды
3.13 Шарт бойынша азаматтық құқықтық жауапкершілікті сақтандыру
оның ішінде:
3.13.1 заңды тұлғаларды
3.13.2 жеке тұлғаларды
3.14 Зиян шектіргені үшін азаматтық құқықтық жауапкер. шілікті сақтандыру (3.8 - 3.12 жолдары бойынша сынып. тарды қоспағанда)
оның ішінде:

3.14.1 заңды тұлғаларды
3.14.2 жеке тұлғаларды
3.15 Жауапкершілік түрлері - барлығы *
оның ішінде:
3.15.1 заңды тұлғаларды
3.15.2 жеке тұлғаларды
4. Барлығы

______________________________________________________________________

Сақтандыру ұйымының бірінші басшысы ______________ күні ____
Бас бухгалтер ___________________ күні _____
Орындаушы ____________________
тел. ___________ МО

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2002 жылғы 16 ақпандағы
N 46 қаулысымен бекітілген
Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымдарының сақтандыру және
қайта сақтандыру қызметі
жөніндегі есептерінің
нысандары мен ұсыну мерзімі
туралы нұсқаулыққа
N 2 қосымша

ай сайын

**_____________ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының**
**200 жылғы ______________**
**ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІ БОЙЫНША ЕСЕБІ**

______________________________________________________________________
_ _ _ _ _ _

```
Жол.|                     |  Қайта сақтандыруға      |Қайта сақтанды.
дар |                     |     қабылданғаны         |руға берілгені
коды|     Көрсеткіштер    |__________________________|_______________
    |                     | Шарттардың саны|Сақ.|Жау.|Шарттардың саны
    |                     |________________|тан.|ап. |_______________
    |                     |Рези.|Рези.|Бар.|ды. |кер.|Рези.|Рези.|Бар.
    |                     |дент.|дент |лы. |рыл.|ші. |дент.|дент |лы.
    |                     |тер. |емес.|ғы  |ған.|лік.|терге|емес.|ғы
```

| |ден |тер. | |дар.|тер.| |терге|
| | |ден | |дың |дің | | |
| | | | |саны|кө. | | |
| | | | | |ле. | | |
| | | | | |мі | | |

---

_ _ _ _ _ _ 1 2 3 4 5 6 7 8

---

_ _ _ _ _ _

1 1. Міндетті сақтандыру - барлығы

1.1 автокөлік құралдары иелерінің азаматтық құқықтық жауапкершілігі

оның ішінде:

1.1.2 - заңды тұлғалар

1.1.3 - жеке тұлғалар

1.2 тасымалдаушының жолаушы. лар алдындағы азаматтық құқықтық жауапкершілігі

оның ішінде:

1.2.1 - автомобиль тасымалы

1.2.2 - темір жол тасымалы

1.2.3 - әуе тасымалы

1.2.4 - су тасымалы

1.3 ауыл шаруашылық өндірісі - барлығы:

оның ішінде

1.3.1 - ауыл шаруашылық дақыл. дарын жинау

1.3.2 - ауыл шаруашылық малдары

1.3.3 - негізгі қорлар және айналым құралдары

1.4 жеке нотариустардың азаматтық құқықтық жауап. кершілігін сақтандыру - барлығы:

1.5 соттарды және олардың

| | |
|---|---|
| | мүлкін сақтандыру - барлығы: |
| 2 | 2. Ерікті жеке сақтандыру - барлығы: |
| 2.1 | өмірді сақтандыру |
| 2.1.1 | оның ішінде: - өмірді сақтандыру |
| 2.1.2 | - аннуитеттік сақтандыру |
| 2.2 | кездейсоқ оқиғалар мен аурудан |
| 2.3 | медициналық сақтандыру |
| 2.4 | сақтандыру түрлері - барлығы * |
| 3 | 3. Ерікті мүліктік сақтандыру - барлығы |
| 3.1 | автомобиль көлігін сақтандыру - барлығы |
| | оның ішінде: |
| 3.1.1 | - заңды тұлғалар |
| 3.1.2 | - жеке тұлғалар |
| 3.2 | темір жол көлігін сақтандыру - барлығы |
| | оның ішінде: |
| 3.2.1 | - заңды тұлғалар |
| 3.2.2 | - жеке тұлғалар |
| 3.3 | әуе көлігін сақтандыру - барлығы |
| | оның ішінде: |
| 3.3.1 | - заңды тұлғалар |
| 3.3.2 | - жеке тұлғалар |
| 3.4 | су көлігін сақтандыру - барлығы |
| | оның ішінде: |
| 3.4.1 | - заңды тұлғалар |
| 3.4.2 | - жеке тұлғалар |
| 3.5 | жүктерді сақтандыру - барлығы |
| | оның ішінде: |
| 3.5.1 | - заңды тұлғалар |

3.5.2 - жеке тұлғалар
3.6 3.1-ден 3.5-ке шейінгі жолдарда көрсетілген сыныптарды қоспағанда мүлікті сақтандыру - барлығы
оның ішінде:
3.6.1 - заңды тұлғалар
3.6.2 - жеке тұлғалар
3.7 кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру - барлығы
оның ішінде:
3.7.1 - заңды тұлғалар
3.7.2 - жеке тұлғалар
3.8 автокөлік иелерінің азаматтық құқықтық жауапкершілігін сақтандыру, барлығы
оның ішінде:
3.8.1 - заңды тұлғалар
3.8.2 - жеке тұлғалар
3.9 темір жол көлігі иелері. нің азаматтық құқықтық жауапкершілігін сақтан. дыру, барлығы
оның ішінде:
3.9.1 - заңды тұлғалар
3.9.2 - жеке тұлғалар
3.10 әуе көлігі иелерінің азаматтық құқықтық жауапкершілігін сақтандыру, барлығы
оның ішінде:
3.10.1 - заңды тұлғалар
3.10.2 - жеке тұлғалар
3.11 су көлігі иелерінің азаматтық құқықтық жауапкершілігін сақтандыру, барлығы

оның ішінде:
3.11.1 - заңды тұлғалар
3.11.2 - жеке тұлғалар
3.12 тасымалдаушының азамат. тық құқықтық жауапкер. шілігін сақтандыру
оның ішінде:
3.12.1 - заңды тұлғалар
3.12.2 - жеке тұлғалар
3.13 шарт бойынша азаматтық құқықтық жауапкершілікті сақтандыру, барлығы
оның ішінде:
3.13.1 - заңды тұлғалар
3.13.2 - жеке тұлғалар
3.14 3.8-ден 3.12-ге дейінгі жолдар бойынша сыныптарды қоспағанда зиян шектіргені үшін азаматтық құқықтық жауапкершілікті сақтандыру
оның ішінде:
3.14.1 - заңды тұлғалар
3.14.2 - жеке тұлғалар
3.15 жауапкершіліктердің түрі - барлығы*
оның ішінде:
3.15.1 заңды тұлғалар
3.15.2 жеке тұлғалар

4 ЖИЫНТЫҒЫ/СОМАСЫ

Сақтандыру ұйымының бірінші басшысы _______________ күні _____

Бас бухгалтер ____________________ күні ______

Орындаушы ________________

тел. ____________

МО

таблицаның жалғасы

| Қайта сақтандыруға берілгені | | |
| --- | --- | --- |
| Сақтандырылғандардың саны | Жауапкершіліктердің саны | Сыйлықақылар сомасы |
| 9 | 10 | 11 |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |

---

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 16 ақпандағы N 46 қаулысымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру және қайта сақтандыру қызметі жөніндегі есептерінің нысандары мен ұсыну мерзімі туралы нұсқаулыққа N 3 қосымша

**ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІ БОЙЫНША ЕСЕПКЕ ҚОСЫМША**

**Сақтандыру ұйымы ________________________ _______________ берілген сақтандыру тәуекелдері бойынша қайта сақтандыру ұйымдарының атауы**

| N | Қайта сақтандыру ұйымдарының атауы | Қаржылық сенімділігінің рейтингі | Қайта сақтандыруға берілген тәуекелдер сомасы |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

Сақтандыру ұйымының бірінші басшысы _______________ күні _____

Бас бухгалтер ____________________ күні ______

Орындаушы ________________

тел. ____________

МО

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК